

**6D041600 – Өнертану мамандығы бойынша философия докторы (PhD)
дәрежесін алуға ұсынылған
Маулет Ардабидің
«Шыңжаңдағы қазақ домбыра күйлерінің көркем-шығармашылық
тәжірибесі – ұлттық бірегейлікті сақтау факторы ретінде» докторлық
диссертациясы мәтініне
АҢДАТПА**

Зерттеу жұмысының өзектілігі

Өткен тарихқа, өнердің қайнар көздеріне деген құрмет шын мәнінде әлемді танып білуге, оны игеруге деген ұмтылыстан туындаған адамзаттың саналы болмысына, рухани тәжірибесіне деген құрмет екені аян. Шыңжаң жеріндегі күй өнерінің тарихи белестерін ғылыми тұрғыда зерделеуден өткізуге талпыну жалпы гуманитарлық ғылымдар жүйесінің белгілі бір ғылыми ізденістер бағытының өзіндік қомақты бөлігі. Тарихта қордаланған рухани жәдігерлеріміздің байыбына барынша нақты түрде барып, зерделеп алмай қазіргі заманда қоғам үшін алға жылжудың, рухани жаңғырудың даңғыл жолы, әмбебап тетіктері ашылмайды. Кез келген қоғам өзінің материалдық болмысымен қатар рухани дүниесін үнемі сараптаудан өткізіп отыруы тиіс. Әсіресе, гуманитарлық салалардағы жаңа заманда қол жеткізілген әдіснамалық, әдістемелік және технологиялық жетістіктердің арқасында өзінің руханият саласындағы барлық тарихи жәдігерлеріне тиісті ғылыми-сараптамалық бағалауларын бере алады.

Қазіргі кезде қазақтың домбырашылық өнерінде «төкпе» және «шертпе» күйшілік дәстүр - даму кезеңі жағынан аймаққа тән орындаушылық, композициялық, аспаптық даму жүйелерімен ерекшеленеді. Батыс Қазақстанның күйшілік өнері көптеген ғылыми еңбектерде зерттелсе, шертпе күй туралы тек соңғы кезде ғана дәйекті тұжырымдар жазыла бастады. Әсіресе ҚХР Шыңжаң өлкесіндегі қазақтарда сақталған күй мұралары қазіргі кезде толық зерттелген емес.

Сондықтан, қазіргі заманауи кезеңде Шыңжаңдағы қазақтарда сақталған күйшілік дәстүрді аймақтық ауқымында зерттеу – Қазақстанның жалпы өнертану ғылымы, оның ішінде музыкатану үшін кезек күттірмейтін **өзекті мәселелердің** бірі болып отыр.

Зерттеу нысаны

Күйшілік өнер, оның ішінде Шыңжаң қазақтарының домбыра күйлерінің көркемдік-шығармашылық ерекшеліктері.

Зерттеу пәні

Шыңжаңдағы қазақ домбыра күйлерінің аймақтық орындаушылық және көркем-шығармашылық сипаты.

Зерттеу жұмысының мақсаты

Шыңжаңдағы қазақтардың күйлерін тарихи-мәдени тұрғыдан кең ауқымды зерттеу арқылы қазақтың музыкатану ғылымына осы кезге дейін белгісіз болып келген Шыңжаң қазақтарының күйшілік мектеп өкілдерін және домбыра

дәстүріне тән көркемдік-орындаушылық ерекшеліктерін, аталған өңірдің айырықша аймақтық орнын даралап көрсету арқылы ұлттық бірегейлікті нығайту жолын тұжырымдау.

Осындай мақсаттағы өзекті мәселелерді ғылыми жүйелеуде төмендегідей **міндеттер** қойылып отыр:

- Шыңжаңда тұратын қазақтардың тарихи-мәдени және дүниетанымдық, әлеуметтік факторларының ондағы күйшілік өнердің қалыптасуы мен дамуына тигізген ықпалын қарастыру;

- Шыңжаңда (XIX ғ.) өмір сүріп бізге бейтаныс болып келген күйшілер туралы деректерді сұрыптаудан, жүйелеуден өткізу;

- Шыңжаң қазақтарының күйшілік өнерінің аймақтық және орындаушылық мектептерін қазақ даласындағы шертпе күй мектептерімен (Жетісу, Алтай Тарбағатай) салыстырмалы зерттеу;

- Шыңжаңдағы қазақтардың күйшілік мектебінің түп негізін айқындау, әрі зерттеу барысында күйдің аңыз-әңгімесіне (контексі) тоқтала отырып, күйдің көркем тіл және орындаушылық әдіс-тәсілдерін ұлттық бірегейлік тұрғысынан жүйелі сипаттау;

- Тармақты аңыз күйлердің көркемдік және орындаушылық ерекшелігін архаикалық күй құрылымдарының семантикасымен салыстыра қарастыру;

- Шыңжаңдағы қазақтарда сақталған ескі домбыралардың пернелік жүйесін Жетісу, Арқа шертпе күй мектептеріндегі байырғы домбыра үлгілерімен салыстыра зерттеу;

- Шыңжаң күйлерінің орындаушылық әдіс-тәсіл жүйесіндегі ерекшеліктерді ұлттық бірегейлену тұрғысынан айқындау.

Тақырыптың зерттелу деңгейі

Зерттеу тақырыбымыз бойынша, Шыңжаң қазақтарының күйлерін тарихи-мәдени тұрғыдан зерттеген отандық ғалымдар Т. Бекқожина, У. Бекенов, А. Сейдімбек, Б. Мүптеккев, Т. Мұқышев, М. Әбуғазы, Д. Бекенов, Б. Игілік т.б. ғалымдардың еңбектерімен және Шыңжаңдық фольклорист, филологтар Д. Тұрлықожаұлы, Д. Мазақұлы, Ә. Досмырзаұлы, Е. Дәулетұлы, Ә. Шәріпұлы, Б. Әлімбекұлы, Д. Халықұлы, К. Құсайынұлы, О. Тойынбаев, М. Дәріпбек, М. Әбдіқадырұлы қатарлы мамандардың еңбектерімен т.б. ғалымдардың еңбегіне сүйе отырып, тақырыпты онан ары тереңдей зерттеу көзделді. Аталған өңірдегі күйшілік зерттеуде, автор сол өлкедегі (қытай, т.б. шетелдік) қазақтың күй өнерін зерттеуші ғалымдардың және отандық ғалымдардың зерттеулеріне негізделіп тақырыпты теориялық және тарихи тұрғыда тереңдетті.

Зерттеудің ғылыми әдіснамасы

Қазақ музыкатану ғылымында оның ішінде күйшілік өнерді зерттеудің негізін қалаушы ғалымдар: А. В. Затаевич, Б.Ерзакович, Л. Хамиди, Е. Брусиловский, А. Жұбанов, Б. Аманов, Б. Қарақұлов, Ә. Мұхамбетова, С. Аманова, С. Қалиев, Г. Омарова, С. Елеманова, С. Өтеғалиевалардың ғылыми еңбектеріндегі зерттеу әдіснамалары мен әдістемелері диссертациялық еңбекте кеңінен қолданылды және олар жұмыста алынған негізгі ғылыми нәтижелерге қол жеткізуге бағыттаушы құралдар ретінде ұтымды пайдаланылды. Қазақстан күйтанушылары мен жалпы музыкатану саласы аймақтық зерттеулерді

қарастыру бағытына қарай бет бұра бастағанын атап өтеміз. Оған дәлел: С. Өтеғалиева, Г. Омарова, Б. Мүптекеев, Т. Мұқышев., Қ. Жүзбасов, О. Мұсақан, С. Дәукеева, Б. Тұрмағамбетова, А. Райымбергенов, Болат Қазғұлов, Сағатбек Қалиев, Ә. Сабырова, Р. Малдыбаева, С. Дәукеевалар аймақтық ауқымдағы нысандарға бағыттап өзінің зерттеулерін жүргізумен айналысып жатқандығы. Осы аталған зерттеушілердің әдістемелеріне сүйене отырып, біз Шыңжаң қазақтарының күйлерін тұтас көркем тілдік кешен ретінде қарастыруды жөн көрдік.

Зерттеу жұмысының талаптарын ғылыми ашу үшін, Шыңжаңда бар дереккөздермен әдістемелерді ұштастыра отырып, аталған аймақтың күйлерін ғылыми зерттеуде тарихи-типологиялық және салыстырмалы-теориялық, жүйелі этнофондық зерттеу әдістемелерімен қатар кешенді зерттеу әдісі қолданылды.

Зерттеу жұмысының ғылыми жаңалықтары

Диссертацияда тұңғыш рет:

– Шыңжаң қазақтарының күйшілік өнерінің қалыптасуы, тарихи-мәдени негіздерінің алғышарттары күйшілік дәстүрге әсері тұрғысынан қарастырылып, ұлттың біртұтас дүниетанымы және бірегейліктің қалыптасуы мен дамуы аясында негізгі әлеуметтік құбылыстар мен ұғымдар зерделенді;

– Шыңжаңда (XIX ғ.) өмір сүріп Қазақстандағы көпшілікке бейтаныс болып келген күйшілер туралы деректер сұрыптаудан өткізіліп, жүйеленді. Қытай елінде жарық көрген төте жазудағы зерттеулер мен ноталық жинақтардың және публицистикалық еңбектер жан-жақты қамтылып, олардың дерек көздері ғылыми айналымға енгізілді;

– Шыңжаң қазақтарының күйшілік өнерінің аймақтық және орындаушылық мектептері қазақ даласындағы шертпе күй мектептерімен (Жетісу, Алтай, Тарбағатай) салыстырмалы зерттеліп, өлке қазақтарының аймақтық-күйшілік өнерінің айырмашылықтары мен көрнекті тұлғаларының көркем қолтаңбасы айқындалды;

– Қытай еліндегі қазақтардың күйшілік мектебінің түп негізін талдау және әрі қарай зерттеу барысында күйдің аңыз-әңгімесіне (аясы) тоқтала отырып, күйдің көркем тіл және орындаушылық әдіс-тәсілдері ұлттық бірегейлік тұрғысынан жүйелі сипатталып, аталған аймақтағы көне аңыз және Кеңес күйлерінің өзіндік жүйесі танымдық тұрғыдан тұжырымдалды;

– Аңыз күйлердің көркемдік және орындаушылық ерекшеліктері архаикалық күй құрылымдарының семантикасымен салыстырыла қарастырылып, Шыңжаңдағы қазақтарда сақталған домбыралардың ескі үлгілері қазақ даласындағы басқа да шертпе күй мектептеріндегі домбыралардың үлгісімен өзара салыстырудан өткізілді;

– Шыңжаңдағы қазақтарда сақталған ескі домбыралардың пернелік жүйесі Жетісу, Арқа шертпе күй мектептеріндегі байырғы домбыра үлгілерімен астастыра зерттеліп, Шыңжаң жеріндегі күйлердің сандық нотадағы нұсқалары жүйелі түрде ғылыми айналымға енгізілді.

– Шыңжаң күйлерінің орындаушылық әдіс-тәсіл жүйесіндегі мәдени мұраны сақтау мен ұлттық бірегейлікті айқындау барысында «Рухани

жаңғыру» бағдарламасы негізінде Шыңжаң жеріндегі күйшілік мектептерге аймақтық шеңберде жүйелі зерттеулер жүргізу арқылы олардың рухани құндылықтық қырлары айшықталды.

Қорғауға ұсынылатын тұжырымдар:

- Қазақ халқының рухани мәдениетінде ерекше орын алған күй өнерінің тарихи-мәдени негіздерін құрайтын халқымыздың ортақ тарихи қалыптасқан ұлттық дәстүрлері, әдет-ғұрыптары, салт-санасы, ділі және көшпенді өмір салты –күй өнерінің терең тарихи-мәдени қайнар көздерін қалыптастырып, жалпы қазақтың қазіргі кезеңдегі ұлттық рухани бірегейленуіне және біртұтас ұлт болып қалыптасуына зор әсерін тигізді. Шыңжаңдағы қазақтың күйшілік өнері сол жалпыұлттық күй өнерімен біте қайнасқан әрі дәстүршіл қалыптарын сақтаған ұяшығы. Сол себепті қазақ халқының этностық орналасуы, рулық жүйе және т.б. факторларына тікелей байланысты Шыңжаң қазақтарындағы күй өнерінің түп төркінін ашып көрсетуде және аталған аймақта сақталған күйдің көркем тілі мен айырықша қолтаңбасын айқындауда, ұлттық таным және ұлттық бірегейлік тұрғысынан талдауларда көрініс тапты;

- Қауымдастықтың күй өнерін зерттеуде оның құрылымдық ерекшелігін, сарындық жағынан алғандағы айырмашылықтарды сұрыптауда ноталық және үнтаспалық зерттеулердің мәні зор. Осы тұрғыдан Шыңжаң қазақтарының күй мұрасын зерттеуде қытайша және төте жазудағы зерттеулер мен сан ноталық жинақтар мен публицистикалық еңбектердің қазақтың дәстүрлі мәдениетін сақтап дамытуда үлкен маңызы бар;

- XX ғасырдың ортасына дейінкөшпенді тұрмыс салтын ұстанып,құйма құлақтық әдіспен дамыған Шыңжаң жеріндегі қазақтардың күй өнерінің бастау көзіболған бақсылық сарындардың ықпалы зор. Осы аймақтағы қазақтардың қоныс тепкен жерлеріндегі рулық-қауымдық құрылым аймақтық орындаушылық мектептердің қалыптасуына әсер етті;

- Ескі бақсылық сарындар, қара өлең, жоқтау, сынсудың әуендерінен бастау алған Іле аймағындағы күйшілік көне аңыз күйлер, жоқтау және айтыс, арнау күйлер шоғырынан құралып, теріс бұраудағы ескі бурдондық екі ішекті бірдей қағып немесе астыңғы-үстіңгі ішекті алма кезек теріп тартатын күйлер, жеке орындауда немесе тартыс үстінде туындап отырған. Қоңқай, Әшім, Мазақ, Тілеміс, Тергеусіз, Камал Мақайұлышығармашылығындағы қазақи қара шертіспен тартылатын бурдондық жүйедегі күйлер оң және теріс бұрауда көбінде төмен қағыспен орындалады;

- Негізінен жылқы қасиетін әспеттейтінаңшылық кәсіптен туындаған киелі жан-жануарлар мен құстарға арналған көне аңызжәне жоқтау,тармақты күйлерде тақырыптық-мазмұндық және орындаушылық жағынан өзінің байырғы ескілік қасиетін сақтап теріс бұрауда қара шертіспен, ілме,тебеген,жап та қымта,түйдек қағыстармен орындалып, әсіресе Бейсенбі күйлеріндегі тарихи оқиғаларға құрылған «Кенес» атты көп тараулы Алтай аймағының күйлерде жүзеге асты;

- Қайрақбай күйлерінде шертпе күйде көп қолданылатын арпеджиато, лига, екі ішекті алма-кезек жоғары-төмен сұқ саусақпен теріп тарту әдістері және көп жағдайда тек төмен қағыстардың жиі қолданылуы, Тарбағатай

жеріндегі ескі сыбызғы күйлерімен астасып жатқанын мәлімдейді. Қайрақбайдың теріс бұраулы күйлерінің құрылымы ескі сыбызғы күйлерінің құрылымы негізінде, шағын сөйлемдердің қайырманың қайталануынан құралып, пентатоника ладтық дыбыстарының екі ішек алма-кезек және бірге шертіліп, әр бөлімдерден соң қайырма қайталанып отырады. Мұндай қайырманың қайталануы әннің қайырмасына ұқсас. Қайрақбай күйлерінде сол қолда перне басу бірінші саусақпен үшінші саусақтың қызметі басым және бас бармақ орнына бірінші саусақ көп қолданылып, дыбыстың қанықтығын ашып көрсетеді. Оң қолда төрт саусақпен тұтас күреп тарту және сұқ саусақпен дыбысты үзбей алу әдісі арқылы әуенге жұмсақ, нәзік нақыш беріледі;

– Шыңжаңдағы қазақтарда ескі домбыралардың пернелік жүйесі 12, 13, 14, 15 пернеден құралып, қазіргі өзгеріске ұшыраған домбыра құрлысынан мүлдем бөлек регистрлік ерекшелік сақталған және оларды ескі шеберлер өз қолдарынан шауып жасап әр аймақтың өзіндік ерекшелігіне сай домбыра пішіні қалыптасқан. Бұл ерекшелік Қазақстанның шығысы мен Жетісу өңіріндегі ескі домбыралардың жүйесімен өте жақын екені, сондай-ақ Шыңжаң күйлерінің орындаушылық әдіс-тәсілдерінде де еліміздің Шығыс өңірі мен Жетісу өңірінің орындаушылық ерекшелігімен салыстырғанда айырмашылықтар мен ұқсастықтар кездеседі. Шыңжаң жерінде кең таралған «Кеңес» күйлер шоғыры жүйелі талдана келе, бұл күйлердің тек Шыңжаңдағы Іле, Алтай, тарбағатай үш аймақ қазақтарының арасында кең таралғаны мәлім болды.

Жұмыстың сыннан өтуі

Зерттеудің негізгі қорытындылары ғылыми мақалалар түрінде дайындалып, республикалық ғылыми журналдар мен жинақтарда интернет конференцияларда жарияланып, халықаралық, республикалық конференцияларда баяндалды:

1. Ardabi Maulet, Zaure N. Smakova, Balzhan B. Junussova, Aigerim A. Karsakbayeva, and Assel Rakymzhan. The Art of Kui Performance of Kazakh Ethnic Group in China // International journal of environmental & science education. 2016, vol. 11, no. 18 (Scopus) – P. 11449-11465.

2. Маулет А. Күйші Тергеусіз Бәлекейұлы // Қазақстанның ғылымы мен өмірі. № 1 (43) 2017. – Б. 38-41.

3. Маулет А., Сабырова А. Іле қазақтарының күйшілік өнері // Қазақстанның ғылымы мен өмірі. № 2 (36) 2016. – Б. 345-349.

4. Маулет А., Сабырова А. Шыңжаңдағы қазақтарда сақталған ескі домбыралардың үлгісі // Қазақстанның ғылымы мен өмірі. № 6 (42) 2016. – Б. 37-40.

5. Мәулетұлы А., Сабырова А. Тарбағатай аймағы күйшілік мектебінің қалыптасуы // Абай атындағы қазақ ұлттық өнер университеті, Хабаршысы. Алматы, № 3 (48) 2016. – Б. 50-54.

6. Мәулетұлы А. Әшімнің шәкірті – Күйші Камал Мақайұлы // «Музыкалық білім беру мәселелері мен болашағы және қазақстан республикасында көркем білім берудің жаңа моделін қалыптастыру» атты ҚР Тәуелсіздігінің 25 жылдығына арналған халықаралық ғылыми-тәжірибелік

конференция материалдары. Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы, Алматы, 2016. – Б. 252-256.

7. Мәулетұлы А., Хуаң Ж. Қазақ халықтық музыкасының шығу қайнары ең алғашқы діни салтында – Қазақ бақсыларының бейнелеу салтын мысалға алғанда // «Қытай музыка теориясының баяндау жүйесінің тұңғыш ғылыми конференциясының ғылыми мақалалар жинағы» Қытай Халық Республикасы, Жыжияң өлкесі Жинхуа қаласы, 2017 жыл. – Б. 55-56.

8. Мәулетұлы А., Хуаң Ж. Қазақ халқының дәстүрлі музыка аспабы – домбыраның эволюциялық ерекшеліктері // «2017 жылы 6-кезекті мемлекеттік дәстүрлі музыка аспаптары және шығыс музыка аспаптары жөніндегі халықаралық ғылыми конференциясының мақалалар жинағы». Қытай Халық Республикасы, Пекин, 2017. – Б. 21-23.

9. Мәулетұлы А. Кетбұға күйлері хақында // «Рухани жаңғыру – Алаштың асыл мұраты: Тіл, жазу, мәдениет» атты Халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. – Алматы: Елтаным баспасы, 2018. – Б. 279-281.

Диссертациялық зерттеу Т.Қ.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының ғылыми кеңесінде және «Дәстүрлі музыкалық өнер» кафедрасында талқыланып, қорғауға ұсынылды.

Диссертацияның құрылымы

Зерттеу жұмысы кіріспе, үш тарау және қорытындыдан құралады. Соңында пайдаланылған әдебиеттер тізімі, қосымшалар тұрады. Диссертацияның тараулары: 1. «Шыңжаңдағы қазақ күйшілік өнері қалыптасуының тарихи-мәдени негіздері», 2. «Шыңжаң қазақтарының ХІХ ғасырдағы күйшілік мектептеріндегі көрнекті тұлғалардың ұлт ділін қалыптастырудағы рөлі», 3. «Шыңжаң өлкесіндегі қазақ күйлерінің көркемдік және орындаушылық сипаты және оның қазіргі ұлттық бірегейлікті нығайтудағы ықпалы». Әр тараудың құрылымы 3 тараушаға бөлінеді.

Қорытынды бөлімде зерттеу жұмысының негізгі ғылыми нәтижелері мен тұжырымдары берілді және келешектегі Шыңжаңдағы қазақтардың күй өнерінің дәстүрлі бағыт-бағдарын айқындау мәселелері көрсетілді.